**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**
**әдіскері Баграмова М.С.**

**«01» қараша 2024 жыл**

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №4 «Құлыншақ»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 04-08 қараша 2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 04.11** | **Сейсенбі 05.11** | **Сәрсенбі 06.11** | **Бейсенбі 07.11** | **Жұма 08.11** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қараша-«Әділдік және жауапкершілік»**<br>Амандасу рәсімі. Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.<br>**Сөздік минимум:** Сәлеметсіз бе! Қайырлы таң! Сау болыңыз! Рақмет!<br>**(қазақ тілі ***)**<br><br>**«Күй күмбірі»:** «Бұлбұл» **https://zvyki.com/song/125157914/B_lb_l_-_11_Dina/** | | | | |
| | «ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау»<br>**Міндеті:** Еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br>**(музыка ****)**<br>**(«Менің Қазақстаным»-Біртұтас тәрбие)** | **Аптаның дәйексөздері:**<br>«Адал еңбектің наны тәтті»<br>**Міндеті:**<br>мақал- мәтелді жаттау, шешендікке, сөз өнеріне баулу,<br>**(қазақ тілі ***)** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Көңілді паровоз»<br>**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жолды көрсет»<br>**Міндеті:**. Қағаз бетінде бағдарлауды, үйрету.<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Еңбек іс әрекеті:**<br>«Кітаптар шеберханасы» | **Дидактикалық ойын:**<br>«Музыкадағы үш кит»<br>**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын:**<br>«Сөздер»<br>**Міндеті:** сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **Еңбек іс әрекеті:**<br>«Ойыншықтар шеберханасы»<br>**Міндеті:** Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | білуге үйрету.<br>**(музыка****)**<br><br>**Еңбек іс әрекеті:**<br>Табиғат бұрышында «Гүлдерді күту»<br>**Міндеті:**<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **Міндеті:** Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка****)**<br><br>**Әңгімелесу:**<br>Жеуге жарамды, улы саңырауқұлақтар<br>**Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Мейірімділік – жүректен»**<br>**Міндеті:** баланы айналасына қамқор болуға баулу | | | | |
| | «Жылы сөз».<br>Балаңызбен бірге бүгін кімге қандай жақсы сөз айтқандарын талқылаңыздар. | «Көмекші қолдар».<br>кішігірім міндет беріп, көмегі үшін алғыс айтыңыз.. | «Жануарларға қамқорлық». Даладағы құстарға жем шашу немесе үй жануарына қарасу туралы сөйлесу | «Жақсы істер күнтізбесі».<br>Күні бойы жасаған жақсылықтарын саралауды үйрету. | «Күлімдеу терапиясы». Күліп жүрудің адам көңіл-күйіне әсері туралы минуттық ертегі айтып беріңіз |
| Балалардың іс-әрекеті<br>(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, | **Дидактикалық ойын:**<br>«Дөңгелек» мүсіндеу<br>**Міндеті:**<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: | **Бейнелеу іс әрекеті:**<br>«Ағаштың суретін сал»<br>**Міндеті:** Заттардың пішіндеріне, | **Жапсыру:**<br>«Көкөністер»<br>**Міндеті:** Жапсырудың түрлі әдістері**:**<br>симметриялы, тура, | **Құрастыру:**<br>«Саңырауқұлақтар»<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды | **Мүсіндеу:**<br>«Ойыншық»<br>**Міндеті:**<br>Затқа қарап мүсіндеуде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| эксперименталдық, еңбек,<br>қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау)<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**«Қажет пе, әлде қалаймын ба?» (Ойын-сұрыптау)<br>**Міндеті:** Бірінші кезектегі қажеттіліктер мен жай ғана тілектерді ажыратуға үйрету.<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:**<br>«Дүкенші»<br>**Міндеті:** Тауар мен ақша арасындағы байланысты түсіндіру, сауда жасау мәдениетін қалыптастыру.<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Менің отбасым – менің қорғаным» | қисық қию тәсілдерін қолдану<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ақша қайдан келеді?»**<br>**Міндеті:** Отбасылық бюджет және еңбек туралы түсінік беру.<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Жағдаяттық ойын:**<br>«Көмекке мұқтаж кейіпкерлер»<br>**Міндеті:** Балаларды денсаулық сақтау және білім алу құқықтарымен таныстыру.<br>құқықтарың бар».<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)** | дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Біздің отбасының бюджеті»**<br>**Міндеті:** Ақшаның жұмсалу бағыттарын көрсету.<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Сиқырлы сандықша»<br>**Міндеті:** Әр баланың өз есіміне және жеке басына құқығы бар екенін бекіту.<br>Бала айнадан өзін көреді.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)** | ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Эстафеталық ойын: «Тиынды жина»**<br>**Міндеті:** Ақшаны сақтау, жинау ұғымын енгізу.<br>**Қажетті құралдар:** Ойыншық тиындар, екі қоржын (немесе кошелек).<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Жағдаяттық ойын:**<br>«Көмекке кел»<br>**Міндеті:** Қамқорлық пен отбасы құқығын түсіндіру.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Міндеті:** Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы туралы түсінік беру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | Ертеңгілік жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Ертеңгілік жаттығу**<br>№5 кешен<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>**1.** Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>дегенде басты солға ию бастапқықалыпқа келу.<br>**2.** Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан- жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу<br>**3.** Бастапқы қалып, қол белде, аяқ арасы алшақ.<br>1 дегенде оң жаққа иілу,<br>2 дегенде сол жаққа иілубастапқы қалыпқа келу<br>**4.** Бастапқы қалып, аяқ арасы сәл алшақ,<br>қолды алға созу.<br>1 дегенде отыру,<br>2 дегенде тұру,<br>3 дегенде бастапқы қалыпқа келу<br>**5.** Бастапқы қалып, еденге отыру,<br>қолды артқа тіреп отыру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 дегенде екі қолмен тізені құшақтау,<br>2 дегенде бастапқы қалыпқа келу<br>**6.** Бастапқы қалып, қол белде, аяқ иық бойымен,<br>оң аяқпен 4 рет секіру, сол аяқпен 4 рет секіру,<br>қос аяқпен 4 рет секіру, орында тұрып адымдау.<br>Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру.<br>**Демді қалыпқа келтіру.** | | | | |
| Таңғы ас | Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.<br><br>**Ойын - жаттығу:**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі - жиі жуын сен,<br>Тәңертең де кешке де,<br>Жуын күндіз - кешке де,<br>Жуын күндіз - түсте де,<br>Жуын тамақ алдында. **(Үнемді тұтыну)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | **Дидактикалық ойын:** «Көңілді – мұңды»<br>**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету<br>**(музыка****)** | **Дидактикалық ойын:** «Үнінен таны»<br>**Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету<br>**(музыка****)** | **Дидактикалық ойын:** «Музыкалық сағат»<br>**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**(музыка****)** | **Әңгімелесу** «Жақсы әдеттер»<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**(қазақ тілі***; қарам-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **Сөздік ойын:** «Жауабын айт»<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,байыту; сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**(қазақ тілі***; қарам-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге жаттықтыру<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Кітап мәдениетіне және театр<br>**Міндеті:**<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>**3.Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Бала, оның отбасы, үйі<br>**Міндеті:**<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне | **1. Сауат ашу негіздері** Сөз және оның мағынасы<br>**Міндеті:**<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>**2. Математика негіздері**<br>Жиын<br>**Міндеті:**<br>Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**3. Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта<br>**Міндеті:**<br>Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**4. Музыка**<br>«Күзгі вальс»<br>**Міндеті:** Музыканың сипатын бейненің | **1.Математика негіздері**<br>Жиын<br>**Міндеті:**<br>Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру..<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**3. Жапсыру / сурет салу / мүсіндеу / құрастыру**<br>**Міндеті:**<br>**Жапсыру**. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алу.<br>**Сурет салу. Кеңістікті бағдарлау және композиция**<br>Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (жануарлар). | 1.**Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау<br>**Міндеті:** сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**2. Математика негіздері**<br>Сан және санау<br>**Міндеті:**<br>0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**3. Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Міндеті:**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>**4. Музыка**<br>«Күзгі вальс»<br>**Міндеті:**<br>Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Міндеті:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуге жаттықтыру<br>**2. Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Заттық әлем, Кеңістікті бағдарлау<br>**Міндеті:**<br>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**3. Көркем әдебиет**<br>«Мысық, Әтеш және Түлкі»<br>**Міндеті:**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету.<br>**4. Дене шынықтыру**<br>«Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деген сенімділікті арттыру.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>«Футбол ойыны»<br>**Міндеті:** Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). | мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру | **Мүсіндеу.**<br>Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгеру<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).<br>**Құрастыру.** Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру<br>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу.<br>**4. Дене шынықтыру**<br>«Білекті балалар»<br>**Міндеті:** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір | Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру | **Міндеті:** Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;<br>қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бала екінші баланы аяғынан ұстайды). | | |
| 2-ші таңғы ас | Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға,түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары).**<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| Серуен | **Тал ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шетен ағашы) ( карта №19)**<br>**Міндеті:** түрлі тал ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз айында да өз бояуын жоғалтпайды<br>**Көркем сөз**<br>Айнала тал-терек,<br>Желпиді желегін. (К. Сүлейменов)<br>Жұмбақтар<br>Итмұрын – өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған. Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді.<br>Шетен ағашы – онан көз ашиды, | **Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге) (карта №20)**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері құрап қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады.<br>**Көркем сөз**<br>Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер)<br>Ырым<br>Егер де құрай биік өссе – қыс қарлы болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау (карта №21)**<br>**Міндеті:**назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының Міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі.<br>**Көркем сөз**<br>Жақсы жерге жүреді,<br>Жаман жерде жатады. (Сыпырғыш)<br>**Мақал-мәтелдер**<br>Еңбек түбі – береке<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Айгөлек»<br>Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету. Сапқа тұрғызу.<br>**Еңбектену әрекеті** | **Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау (карта №22)**<br>**Міндеті:**айқағыштығын, назар салуларын дамыту; күздегі өлі табиғат құбылыстарын түсіндіру, киім үлгілерінің маусымдық, ауа-райына байланысты өзгеретінін баяндау.<br>**Көркем сөз** Жапырақ сиректеу,<br>Ауа желкемдеу,<br>Түн ұзақтау,<br>Күн келтелеу<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Түйілген орамал»<br>Дыбыс бойынша әрекет жасайды, орамалды екі қолмен асыра лақтыру және қағып алу.<br>Қимыл-әрекетін дамыту: ептілік, дәлдік.<br>**Еңбектену әрекеті** | **Балабақшаға азық-түлік әкелген жүргізушінің жұмысын бақылау (карта №23)**<br>**Міндеті:**жүргізушінің өз көлігін қалай күтетінін, оны қалай жөндейді, басқара білуі туралы әңгімелеу, жүргізушінің өте ұқыпты болуы, жол қозғалысы ережесін жете білу қажет екенін түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>«Бип-бип», «бип» дейді<br>«Жол шетінде жүр» дейді<br>Асығыс жүруге болмайды.<br>Болмайды. Машина.<br>Мақал-мәтелдер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтары өткір, шұбар келген.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Соқыртеке»<br>Байлаулы көздерімен түрлі бағыттарда қозғала білуге үйрету. Ойын ережесін орындау (біреуді ұстап алу, ұсталған соқыртеке болады; соқыртеке шекарадан шығып кетпес үшін «от» деген сөзбен ескертеді). Кеңістікте бағдарын табуға үйрету.<br>Еңбектену әрекеті<br>Бұтақтар түбін қазу<br>Еңбектенуге үйрету, еңбек дағдысын қалыптастыру. Ұқыпты жасай білуге, достарына колғабыс ете білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.**<br>«Шатастырушы»<br>Ағаш бұталарының тұқымын салыстыруға үйрету, қандай бұтадан алынғанын айыра білу (тәрбиеші бұтақтар мен | «Тақия тастамақ» (қазақтың ұлттық ойыны)<br>Тәрбиешінің дабылы бойынша дөңгелене отыру, жетекшіден оза отырып, дөңгелекпен айнала жүгіру (бірінші болып орнында тұру).<br>Қимыл-қозғалысын дамыту: жылдамдыққа, күштілікке, ептілікке үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Құстарды қыста азықпен қамтамасыз ету үшін жұмыршақ, жолжелкен, алабота, қымыздық, түйе ошаған тұқымдарын жинау<br>Тұқымдарды қапшыққа жинауды үйрету. Құстарға қысқы азықтарын молынан, ұқыпты етіп жинау.<br>**Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар** жасау «Өсімдік бөлімдерін ата» | Аула тазалаушыға көмектесу<br>Әр баланың күші мен мүмкіндігіне байланысты жұмыс бөлу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар** жасау. «Жұмыс жасау үшін не қажет?»<br>Түрлі кәсіп иелеріне қажетті құрал-саймандар туралы балалар білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс:** балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Өзіндік әрекет**<br>Құрылыс салуға (үй, кеме) қажет заттарды жинауға үйрету; ойын барысында табиғи материалдарды (құм, су және т.б.) қолдану. Балалар ойынының тақырыбы мен мазмұнын дамыту.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-** | Аула мен дәлізді тазалау<br>Аула мен дәлізді тазалайды. Сыпырғышты, қалақты дұрыс қолдануға дағдыландыру, еңбектенуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар** жасау«Түстерді ажырат»<br>Киімдерді табу және нақты түстерін ажырату дағдысын қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс:** балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Өзіндік әрекет**<br>Ойын таңдауда өзіндік дербестігінің болуы. Ойындарды құру мен іске асыруда белсенділік танытуға тәрбиелеу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Көш көлікті болсын. Сабыр түбі сары алтын.<br>**бабақҚимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Самокатпен жарысу»<br>Бір аяқпен итеру арқылы тіке жүру, тепе-теңдікті сақтау. Жарыстарда самокатпен жүре білу дағдысын қалыптастыру.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Гербарий жасау үшін өсімдіктерді жинау Атауларына, сыртқы белгілеріне байланысты бірнеше өсімдіктерді ажырата білуге үйрету. Балаларды ауладағы өсімдіктерді жинауға гербарийге түбірімен қазуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойындар**.<br>**Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Ойлан, тап, ата!»<br>Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтардың орнын ауыстырып, балаларды шатастырады).<br>**Жеке жұмыс:** алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдануға жаттықтыру<br>**Өзіндік әрекет**<br>Бірлескен ойындарда өздерінің қимыл-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау, ойын Міндетін жете түсіну.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету (сабақ, жапырақ, түбір, гүлі, жемісі).<br>**Жеке жұмыс:** алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдануға жаттықтыру<br>**Өзіндік әрекет**<br>Балаларды таңдалған тақырыпқа, ойын сюжетіне сәйкес, ұсынылған материалдың алуан түрлілігіне байланысты ойынды таңдай білуге, ойыншықтармен, басқа да заттармен алмасуға, құрастыруға үйрету; оқушылардың өздері жасаған ойыншықтарын қолдана білуге дағдыландыру.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | (двигатель, кузов, кабина, дөңгелек рамалары), кабина құрылғыларын (руль, құралдар, орындық, әйнек) атай білуге оқыту.<br>**Жеке жұмыс:** балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Өзіндік әрекет**<br>Балалардың ойын барысында өздері мен серіктестерінің әрекеттеріне ынта қоюға үйрету<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | |
|---|---|
| Серуеннен оралу | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.<br>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>**Міндеті:** балаларды ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу |
| Түскі ас | Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Ойын- жаттығу:**<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**Ас қайыру**<br>Дастарқаныңа береке берсін!<br>Бастарыңа мереке берсін!<br>Әумин |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» музыкасын тыңдату<br>Бесік жыры: https://youtu.be/_Tz7kFMuXPo |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>**№ 5**<br>**Керуеттегі жаттығулар**<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>Жалпы денеге арналған жаттығу-балалардың денсаулығын нығайтып, дене, қолдың саусақтарын ашып-жұму бітімін жақсы қалыптастырады.<br>Ұйқымызды ашайық<br>Қолымызды созайық<br>Енді қане бәріміз,<br>Жаттығуды жасайық.<br>- Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен.<br>- Керуетте жатып велосипед тебу.<br>- Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.<br>Төсектен тұру:<br>Сағаттың тіліндей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Иіліп оңға бір.<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір.<br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>1. Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау .<br>2. Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу.<br>3. Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген.<br>Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**Шынықтыру шарасы**.<br>*«Денсаулық» жолымен жүру.*<br>Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>*Тыныс алу жаттығулары.*<br>Денсаулық ол – шыныққан<br>Барлық денең мүшесі.<br>Денсаулық ол - тыныққан<br>Жүйке тамыр жүйесі.<br>**«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»** | | | | |
| Бесін ас | Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиенамен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі***)** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Еңбек іс-әрекеті:**<br>«Топтағы тазалық»<br>**Міндеті:** Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу | **Психологиялық ойын:** «Өз күлкіңмен бөліс»<br>**Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуды, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйрету: сөздегі дыбыстардың ретін, | **Сюжетті-рөлдік ойын**:<br>«Шаштараз»<br>**Міндеті:** Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуды, әртүрлі ойындарды бірге, | **Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:**<br>Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру,<br>**Міндеті:** Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас | **Еңбек іс-әрекеті:**<br>«Гүлдерді суару»<br>**Міндеті:** Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс әрекет)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>Электр зарядтары туралы тұжырымдама<br>**Міндеті:** заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндір; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс- әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын: «**Жүзік жасырмақ»<br>**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды<br>**(дене шынықтыру**, қазақ тілі***)** | дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**(қазақ тілі***; қарам-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Әткеншек»<br>**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды<br>**(дене шынықтыру**)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>«Билейтін фольга»<br>**Міндеті:** оң және теріс электр зарядтар туралы түсіндіру; зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту<br>**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс- әрекеті)** | келісіп ойнауға үйрету, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**(қазақ тілі***; қарам-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Айгөлек»<br>**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды<br>**(дене шынықтыру**)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>«Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?»<br>**Міндеті:** зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | жасай алуды, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Бестемше»<br>**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды<br>**(дене шынықтыру**)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>Кітаптардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру<br>**Міндеті:** зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Ханталапай»<br>**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды<br>**(дене шынықтыру**)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>Ойыншықтардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру<br>**Міндеті:** зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту<br>**(танымдық іс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Коммуникативтік дағдылар:** «Түлкі мен Тырна» ертегісін сахналауға қатыстыру(кейіпкерлерін сөздерін айтқызу) **Міндеті:** сахналық қойылымдарға қатысуға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *М. Аяла* | **Коммуникативтік дағдылар:** «Сөйлемді жалғастыр» **Міндеті:** сан есімдерді ретімен атауды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыруға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *Г. Ақерке* | **Коммуникативтік дағдылар:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Міндеті:** қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *Ж. Әлем* | **Коммуникативтік дағдылар:** «Түлкі мен Тырна» ертегісін мазмұндау **Міндеті:** шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *С. Мади* | **Коммуникативтік дағдылар:** «Менің отбасым» Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Міндеті:** өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт- дәстүрлер туралы айтуға үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *К. Санжар* |
| Серуенге дайындық | Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу | | | | |
| Серуен | **Тал ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шетен ағашы) ( карта №19)** **Міндеті:** түрлі тал ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз | **Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге) (карта №20)** **Міндеті:** Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері құрап | **Аула тазалаушының еңбегін бақылау (карта №21)** **Міндеті:**назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының Міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау (карта №22)** **Міндеті:**айқағыштығын, назар салуларын дамыту; күздегі өлі табиғат құбылыстарын түсіндіру, киім үлгілерінің маусымдық, ауа-райына байланысты өзгеретінін баяндау. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-** | **Балабақшаға азық-түлік әкелген жүргізушінің жұмысын бақылау (карта №23)** **Міндеті:**жүргізушінің өз көлігін қалай күтетінін, оны қалай жөндейді, басқара білуі туралы әңгімелеу, жүргізушінің өте ұқыпты болуы, жол қозғалысы ережесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айында да өз бояуын жоғалтпайды **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | жете білу қажет екенін түсіндіру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| Серуеннен оралу | Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Серуеннен оралдық,<br>Көңілді боп таралдық.<br>Аяқ, қолға дем беріп,<br>Сауықтық та, ойнадық!<br>Күн мен жел де күледі,<br>Бәрі бізге тіледі.<br>Қолды жуып, дем алайық,<br>Кел, бөлмеге кірейік!<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру**** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>«Бір кітап» акциясы. Балалардың алып келген кітаптарын қарау, дұрыс қолдануға үйрету **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы: Әңгімелесу:** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері **Міндеті:** | **Жоба: «**Кел, балалар, оқылық»<br>**Күз мезгіліне байланысты мақал – мәтелді айтқызу Міндеті:** Балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздік қорын байыту, мақал-мәтелдер мен сөз мәдениетін қолдануға дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс әрекеті)** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**«Менің сүйікті ертегім»** Ертегілерді мазмұндау **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:** «Мақал- мәтелді жалғастыр!» **Міндеті:** Сөздік қорын, ойлау қабілетін, тапқырлығын дамыту, Тіл мәдениетін және ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. **(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:** | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Театраландырылған ойын:** **«**Түлкі мен Тырна» ертегісін сахналау **Міндеті:** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету | **Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Сөздік ойын:** «Егер... не істейсің?»<br>**Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету<br>**Барысы:** Балаларға сұрақ қойылады:<br>«Егер үйде жалғыз қалсаң және біреу есік қақса, не істейсің?»<br>«Егер саябақта адасып кетсең, кімнен көмек сұрайсың?»<br>«Егер қолыңды күйдіріп алсаң, не істеу керек?» | **Дидактикалық ойын:** «Көшеде»<br>**Міндеті**: көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол) туралы білімдерін қалыптастыру**)** | **Дидактикалық ойын:** «Жолда жүру тәртібі»<br>**Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. | **Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Төтенше жағдай сөмкесі»<br>**Міндеті:** логиканы дамытып, қажетті заттарды таңдауға үйретеді.<br>**Барысы:** Ортаға әртүрлі заттар қойылады (ойыншықтар, алғашқы көмек қобдишасы, күннен қорғайтын бас киім, сіріңке, кәмпит және т.б.).<br>**Тапсырма:** Бала «Орманға серуенге шыққанда өзімізбен бірге не алуымыз керек?» деген сұраққа жауап беріп, қауіпсіздікке қажетті заттарды себетке жинауы тиіс. Әр заттың не үшін керек екенін түсіндіреді. |
| Балалардың үйге қайтуы | Әңгімелесу: «Баланың үйдегі бауырларымен қатынасуы» | Психологтің кеңесі: мысалы:»Балалардың талаптарын орындай алмаған жағдайдан шығу жолдары» | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Психологтің кеңесі: «Теледидардың пайдасы және зияны». | Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру |

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы»**
**МКҚК**
**әдіскері Баграмова М.С.**

**«08» қараша 2024 жыл**

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым: «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Топ: Мектепалды тобы, №4 «Құлыншақ»
Балалардың жасы: 5 жастағы
Қандай кезеңге жасалды: 11-15 қараша 2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 11.11** | **Сейсенбі 12.11** | **Сәрсенбі 13.11** | **Бейсенбі 14.11** | **Жұма 15.11** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Қараша-«Әділдік және жауапкершілік»**<br><br>Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, тілін дамыту. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.<br><br>**«Күй күмбірі»:** «Адай» **https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-adaj-adaj/16461**<br><br>«Адамгершілік құндылықтар» тақырыбына әңгімелер жүргізу, тапсырмалар орындау, суреттер қарастыру.<br>**Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**(Әділдік және жауапкершілік. Біртұтас тәрбие)**<br><br>**Үстел үсті ойындар: «Лото», «Мозайка»**<br>**Міндеті:** ұсақ қол моторикасын дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру**(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау» **Міндеті:** Еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. **(музыка ****) («Менің Қазақстаным»- Біртұтас тәрбие**)<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Музыкалық моншақтар» **Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. **(музыка****)** | **Аптаның дәйексөздері:** «Сөзге жауап, іске есеп» **Міндеті:** мақал- мәтелді жаттау, шешендікке, сөз өнеріне баулу. **(Әділдік және жауапкершілік)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «**Музыкалық үйшік» **Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету **(музыка****)** | **Дидактикалық ойын: «**Өз аспабыңды тап» **Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету **(музыка****)**<br><br>**Бейнелеу іс-әрекеті:** «Күз мезгілі» **Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боягышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу салу **(шығармашылық** | **Дидактикалық ойын: «**Үнінен таны» **Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету **(музыка****)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «**Күзгі жапырақтарды зерттеу» **Міндеті:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын:** «Көңілді – мұңды» **Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. **(музыка****)**<br><br>**Тәжірибе:** Құмның қасиеттері **Міндеті:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Әдептілік – әдемілік»**<br>**Міндеті:** Сөйлеу мәдениеті мен қоғамдық ортада өзін ұстау ережелері. | | | | |
| | Сәлем – сөздің анасы». Амандасудың түрлері мен маңыздылығын түсіндіру. | «Сиқырлы сөздер». «Рахмет», «кешіріңіз», «өтінемін» сөздерін қай кезде қолдану | Тыңдай білу». Басқа адам сөйлеп жатқанда бөлмеу әдебін үйрету. | «Дастарқан басындағы әдеп». Тамақтану кезіндегі ережелерді бірге қайталаңыздар. | «Қонаққа бару әдебі». Қонақта өзін қалай ұстау керектігі туралы рөлдік ойын ойнаңыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | керектігін ойын түрінде көрсетіңіз. | | | |
| Балалардың іс-әрекеті<br>(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,<br>қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | **Дидактикалық ойын:**<br>«Бейнеле»<br>**Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (Бейнелеу әдістерін (штрихтар,бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануын дамыту.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Жағдаяттық ойын:**<br>«Көмекке кел»<br>**Міндеті:** Қамқорлық пен отбасы құқығын түсіндіру.<br>**Ойын барысы:**<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дүкенге саяхат»<br>(Қажеттілік пен қалауды ажырату**)**<br>**Міндеті:** Балаларға «керек» (бірінші кезектегі қажеттілік) және «қалаймын» | **Құрастыру:**<br>«Пирамида»<br>**Міндеті:**<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру<br>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Кімнің құқығы бұзылды?»<br>**Міндеті:** Балаларды ертегі кейіпкерлерінің мысалында құқықтармен таныстыру.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Дүкенге саяхат» (Қажеттілік пен қалауды ажырату**)** | **Мазмұндау:**<br>«Түлкі мен қоян»<br>**Міндеті:** Таныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге мүмкіндік беру..<br>**(қазақ тілі***)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Рұқсат етіледі – Тыйым салынады»<br>**Міндеті:** Қоғамдағы тәртіп ережелерін үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл не? Қажеттілік пе, әлде қалау ма?»<br>**Міндеті:** Балаларды ең маңызды заттарды | **Дидактикалық ойын:**<br>«Сиқырлы сандықша»<br>**Міндеті:** Баланың жеке заттарына қол сұқпау керектігін түсіндіру.<br>**Барысы:** Ортаға әдемі сандықша қойылады. Оның ішіне куәлік, ойыншық, кітап сияқты заттар салынады.<br>**Куәлік:** Әр баланың **есім алуға** құқығы бар.<br>**Ойыншық:** Әр баланың **ойнауға** құқығы бар.<br>**Дәрі-дәрмек (ойыншық):** Әр баланың **емделуге** құқығы бар.<br><br>**Логикалық ойын:**<br>«Ақша қайдан келеді?»<br>**Міндеті:** Балаларға ақшаның еңбек арқылы келетінін, оның аспаннан түспейтінін түсіндіру. | **Бейнелеу іс-әрекеті:**<br>«Жапырақтар»<br>**Міндеті:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу салу<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Менің есімімнің мағынасы»<br>**Міндеті:** Әр баланың есім алуға және құрметке ие болу құқығын түсіндіру.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Тиынды жина»<br>(Үнемшілдік және жинақтау)<br>**Міндеті:** Ақшаны үнемдеуге және жинақ сандықшасының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (ойыншықтар, тәттілер) ұғымдарын түсіндіру. **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **Міндеті:** Балаларға «керек» (бірінші кезектегі қажеттілік) және «қалаймын» (ойыншықтар, тәттілер) ұғымдарын түсіндіру. **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | (тамақ, киім, үй) ермек үшін алынатын заттардан (ойыншық, тәттілер) ажырата білуге баулу. **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті) (қаржалық сауаттылық)** | (копилка) қызметімен таныстыру. **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| | | | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>**4. Дене шынықтыру**<br>«Секіру 6,8м»<br>**Міндеті:** бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру. | | |
| 2-ші таңғы ас | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік).<br>Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Серуен | **Аспанды бақылау (карта №9)** | **Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)** | **Топырақты бақылау. (карта №11)**<br>**Міндеті:** | **Алғашқы суық түскенін бақылау (карта № 12)** | **Тоғанды бақылау (карта № 13)**<br>**Міндеті:** тоғанның күзгі жағдайы туралы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту.<br><br>**Көркем сөз**<br>Тең, тең,тең киіз,<br>Екі ортасы кең киіз.<br>(Аспан, Жер)<br><br>**Ырым**<br>Аспанды бұлттар басса, ауа райының бүлінуі ұзаққа созылады<br>Қимыл- қозғалыс ойыны:<br>**«Ұшақтар»**<br>Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту (балалар алаңда жұмыс істеп тұрған **мо**тор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді), белгі бойынша («Моторды қос!», «Отырғызу басталды!») қимыл жасай алуға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті** | **Міндеті:**<br>Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру.<br>Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады.<br>**Көркем сөз**<br>Жұмбақ: Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге,<br>Аспалы торлар құрады. (өрмекші)<br>Жаңылтпаш: Шын еңбекші – өрмекші.<br>Өрмекші – шын өрнекші (М. Әлімбаев)<br>**Ырым**<br>Кемпір күздің бірінші күні ашық болса, күз жылы болады.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Секіріп түс те, бұрыл»<br>«Хоп!» деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай | Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару.<br>Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады.<br>Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады.<br>**Көркем сөз**<br>«Қарашы күз келді, күз келді,<br>Сары алтын жауыпты іздерді»<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Арқан тарту»<br>Балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым-қатынасын дамыту.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Гүлзардағы жұмыс (тәрбиешімен бірге)<br>Күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>**Тәжірибе.** Ауа райы жылы болғанда | **Міндеті:** жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару.<br>Ертеңгіліклік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады.<br>**Көркем сөз**<br>Сұр бұлт, түсі суық,<br>қаптайды аспан,<br>Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.<br>(А. Құнанбаев)<br>**Ырым**<br>Қазанда жер жабылады, кей жер жапырақпен, кей жер қармен<br>Сары шымшық ысқырса – шынымен күз болғаны<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Пішінді жаса»<br>Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Қажетінше<br>Учаскедегі ұқыпсыздық | өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру.<br>**Көркем сөз**<br>Суда оның өмірі, суда оның қорегі. Ол не? (балық)<br>«Тоңбайын деді де Көл мұздан тон киді»<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:**<br>«Кішкене балықтар мен шортан»<br>Қимыл - қозғалыс белсенділігіне, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйрету. Ұжымда өзара дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Табиғат бұрышындағы құстарды қыста қоректендіру үшін құм салып алу<br>Бастаған ісін аяқтауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау<br>Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару.<br>Құралдарды қолдана алу дағдыларын дамыту.<br>Біріге еңбектене алуға тәрбиелеу.<br>Жолдастарына көмек көрсету.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Бұлтты күні, ашық күні аспан қандай болатынын айт»<br>Түрлі ауа райындағы аспанды суреттей алуын бекіту. Балалардың сөздік қорын байыту.<br>**Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (сол жақта, оң жақта)<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Үлкендердің азғана көмегімен балалардың ойынға ыңғайлы жерді таңдай білуін, ойын жағдайын ұйымдастыра алуын қалыптастыру.<br>Ойында құмдағы | алуын бекіту (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу)<br>**Еңбектену әрекеті**<br>Ағаштардың түбін қопсыту<br>Балаларды жұмысқа қажетті құралдарды дайындай алуға үйрету. Ортақ пайда үшін еңбектенуге, жолдасына көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Ерте күз белгілерін ата»<br>Ерте күз туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелеу.<br>**Тәжірибе.** Көбелек құртын өрмектен шығару<br>Өрмекпен жабысып қалған жапырақтарды банкаға салып топқа әкелу.<br>**Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (сол жақта, оң жақта | топырақты қолмен ұстап көру<br>**Қорытынды.**<br>Топырақ жылы, оны күн қыздырды<br>«Қатені тап»<br>Жылдың әр мезгіліндегі топырақтың жағдайы жайлы балалардың не білетіндігін анықтау.<br>**Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (жоғарыда, төменде)<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту және байыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру; қатарластарының ұсыныстарымен, рөлді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлісу бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы формада білдіре алуын дамыту.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-** | жағдайды көре алуға және тәртіпке келтіруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Кім қызық ат тауып атайды»<br>Шығармашылық қиялын, тілін дамыту. Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру (су, мұз – мұзды су; аяз, күз – аязды күз)<br>**Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (жоғарыда, төменде)<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Ойын түрін таңдауда өз бетінше әрекет жасауын, бастама жасауын дамыту.<br>**(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Айналадағыларға пайда келтіруге ынтасын тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**<br>«Жұмбақты шеш» (суда мекен етушілер)<br>Балаларды жұмбақтарды шешуге үйрету. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек туралы жұмбақтар)<br>**Тәжірибе.** Ұлғайтқыш шыныдан құмды қарау.<br>**Қорытынды.**<br>Құм еш затпен бір - бірімен өзара байланыспаған ұсақ және ірі құмшалардан тұрады.<br>**Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйрету (жоғарыда, төменде)<br>**Өзіндік іс-әрекет (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылыстарды пайдалана білуін дамыту **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |
| Түскі ас | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).<br>**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар**<br>№ 6<br>**Керуеттегі жаттығулар**<br>Ояну жаттығу.<br>- «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». | | | | |

| | |
|---|---|
| | - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.<br>- «Оянамыз көздерім!»- бинокльге қараймыз.<br>- «Қайырлы таң құлақ!» - құлақты сипаймыз,<br>«Оянамыз, құлақтар!» - алақанды тосамыз.<br>- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.<br>- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.<br>- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.<br>- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.<br><br>**Керует жанындағы жаттығулар**<br>- Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу.<br>- Қол белде, оңға, солға иілу .<br>«Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп,<br>Басқа гүлге барайық».<br>- Қолымыз иықта, алға, артқа есу.<br>- Қол белде оң аяқпен 3рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3рет секіру.<br>- Кілемге жатып, аяқты созып, бірге көтеру қалыпқа келу.<br>- Аяқты алға созып көтеру, қайшылау, түсіру.<br>- Саппен жүріп өту.<br>**Шынықтыру шарасы**<br>*«Денсаулық» жолымен жүру.*<br>Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**Демалуды қалыпқа келтіру**<br>*Тыныс алу жаттығулары.*<br>Біз баламыз шыныққан,<br>Денсаулығы мықты жан.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті). | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Бейнелеу іс-әрекеті:** «Жемістер бағы» **Міндеті:** Сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Айгөлек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене шынықтыру**)** | **Дидактикалық ойын:** «Мен білемін, үйренемін» **Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс тұжырымдауға, өз пікірін айтуға үйрету; Әңгімелерді бірізді айтып беруге үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті) (Әділдік және жауапкершілік. Біртұтас тәрбие)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Ханталапай» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене шынықтыру**)** | **Сюжетті-рөлді ойыны:** «Біз кинотеатрдамыз» **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасауға, ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйрету Балалар бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Әткеншек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене шынықтыру**)** | **Дидактикалық ойын:** «Әуенді таны» **Міндеті:** Әуенді тани білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып, музыкаға қызығушылықтарын дамыту. **(музыка****)**<br><br>**Тәжірибе:** «Ауаны зерттеу» (пысықтау) **Міндеті:** Зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Бестемше» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене шынықтыру**)** | **Тәжірибе:** Жарықпен және көлеңкемен ойындар: «Кімнің көлеңкесі қызықты» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене шынықтыру**)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Құс» оригами<br>**Міндеті:**<br>«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға үйрету**;** өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Ә. Альнұр* | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Ағаш» суретін салу<br>**Міндеті:**<br>қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуге үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Ә. Ақмарал* | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Кілем» жапсыру<br>**Міндеті:**<br>қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Е. Медина* | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Құс» оригами<br>**Міндеті:**<br>«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға үйрету**;** өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Ж. Әлем* | **Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**<br>«Кілем» жапсыру<br>**Міндеті:**<br>қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру, жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауға үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*К. Санжар* |
| Серуенге дайындық | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Серуен | **Аспанды бақылау (карта №9)**<br>**Міндеті:**Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)**<br>**Міндеті:**<br>Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. **(зерттеу іс-әрекеті,** | **Топырақты бақылау. (карта №11)**<br>**Міндеті:**<br>Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болатына назар аудару. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Алғашқы суық түскенін бақылау (карта №12)**<br>**Міндеті:**<br>Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-** | **Тоғанды бақылау (карта № 13)**<br>**Міндеті:**тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| Серуеннен оралу | Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.<br>Серуеннен оралдық,<br>Көңілді боп таралдық.<br>Аяқ, қолға дем беріп,<br>Сауықтық та, ойнадық!<br>Күн мен жел де күледі,<br>Бәрі бізге тіледі.<br>Қолды жуып, дем алайық,<br>Кел, бөлмеге кірейік!<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.** | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Сөздік ойын**: «Кім жылдам?» (Жаңылтпаш айту)<br>**Міндеті:** дыбыстарды анық шығаруға көмектеседі.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Әңгімелесу:**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері<br>**Міндеті:**<br>Үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын: «**Жалғасын тап»<br>(Мақал-мәтелдер)<br>**Міндеті:** Балалардың қисынын дамытып, халық даналығымен таныстырады.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Сөздік ойын:** «Егер... не істейсің?»<br>**Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:** «Жұмбақ шешу — ой ашу»<br>**Міндеті:** заттардың қасиетін тануға және бейнелі сөйлеуге үйретеді. .<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Бағдаршам»<br>**Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін | **Жоба: «**Кел, балалар, оқылық»<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Ертегіні жалғастыр» (Сөйлем құрау)<br>**Міндеті:**<br>Баланың логикалық ойлауын және сөйлеу тізбегін дамытады.<br>**(қарым-қатынас іс әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жол белгілерін жина» (Пазл)<br>**Міндеті:** Жол белгілерін тану. | **Жоба:** «Кел, балалар, оқылық»<br>Театр қойылымдары. Ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қауіпсіздік сабағы:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жол жүру ережесі»<br>**Міндеті**: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету | түсінуге және ажырата білуге үйрету «Егер қолыңды күйдіріп алсаң, не істеу керек?» **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | қалыптастыру. **Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **(танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | білімдерін қалыптастыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| Балалардың үйге қайтуы | Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотоларды жіберуін сұрау. | Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру | Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау | Көрме: жұмбақ суреттері Балалар ата-аналармен бірігіп көрмеге суреттер салады | Демалыс күндерін балалардың ата-анасымен қалай өткізетінін туралы әңгімелесу |

**Дидактикалық ойындар:**

**1 апта**
**«Жақсы деген немене, жаман деген немене?»**
**Міндеті:** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өз ісіне адал болуға баулу.
**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға түрлі ситуациялық суреттерді немесе іс-әрекеттерді көрсетеді. Балалар қай істің «жақсы», қай істің «жаман» екенін ажыратып, өз таңдауларын негіздейді.

**«Дөңгелек» (мүсіндеумен ұштасқан)**
**Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық және мүсіндік тәсілдерді меңгеру.
**Ойын шарты:** Балаларға дөңгелек пішінді заттардың тізімі беріледі. Олар берілген пішінді ермек саздан тұтас кесектен немесе бөліктерден құрастырып мүсіндеуі керек.

**«Жауабын айт» (сөздік ойын)**
**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың атауларымен және олардың қасиеттерін сипаттайтын сын есімдермен байыту.
**Ойын шарты:** Тәрбиеші бір заттың қасиетін айтады (мысалы: «жұмсақ...»), ал бала сол қасиетке ие затты атайды (мысалы: «жастық»). Немесе керісінше, затты атағанда, оның сапасын сипаттайды.

**2 апта**
**«Не артық?»**
**Міндеті:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша топтастыра білуге үйрету.
**Ойын шарты:** Балаларға төрт заттың суреті көрсетіледі, оның үшеуі бір топқа жатады (мысалы, көкөністер), ал біреуі басқа топтан (мысалы, жеміс). Бала артық затты тауып, неге олай екенін түсіндіруі қажет.

**«Өз орныңды тап»**
**Міндеті:** Геометриялық пішіндер мен түстерді ажырату, кеңістікті бағдарлау дағдыларын бекіту.
**Ойын шарты:** Балаларға түрлі пішіндер (шаршы, дөңгелек, үшбұрыш) таратылады. Белгі берілгенде, балалар еденде жатқан сәйкес пішіндердің қасына барып тұруы керек.

**«Сиқырлы қапшық»**
**Міндеті:** Заттарды сипап сезу арқылы тану, олардың пішіні мен материалын сипаттау.
**Ойын шарты:** Қапшықтың ішіне түрлі ойыншықтар мен заттар салынады. Бала қапшыққа қолын салып, бір затты ұстайды. Оны сыртқа шығармай тұрып, қандай зат екенін сипаттап айтып беруі тиіс.

**«Кім зейінді?»**
**Міндеті:** Зейінді, есте сақтау қабілетін және байқағыштықты арттыру.
**Ойын шарты:** Үстел үстіне 5-6 ойыншық қойылады. Балалар көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты тығып қояды немесе орнын ауыстырады. Балалар қай ойыншық жоқ екенін немесе не өзгергенін табуы керек.

**3 апта**
**«Жауабын айт» (Сөздік ойын)**
**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың атауларымен және олардың сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту.
**Ойын шарты:** Тәрбиеші бір затты атайды (мысалы, «орындық»), ал бала оның қасиетін айтуы керек («ағаштан жасалған», «биік»). Немесе керісінше, қасиетіне қарай затты табады.

**«Түстерді ажырат»**
**Міндеті:** Киімдерді табу және олардың нақты түстерін ажырату дағдысын қалыптастыру.
**Ойын шарты:** Балаларға әртүрлі түсті киімдердің суреттері беріледі. Тәрбиеші белгілі бір түсті атағанда, балалар сол түске сәйкес келетін киімді көрсетіп, оның атын атауы тиіс.

**«Ойлан, тап, ата!»**
**Міндеті:** Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін (қозғалтқыш, кузов, кабина, дөңгелек рамалары) және кабина құрылғыларын (руль, орындық, әйнек) атай білуге үйрету.

**Ойын шарты:** Тәрбиеші машинаның моделін немесе суретін көрсетеді. Балалар кезекпен машина бөлшектерін көрсетіп, олардың аттарын дұрыс атауы керек.

**«Не артық?»**
**Міндеті:** Логикалық ойлауды дамыту, заттарды ортақ белгілері бойынша топтастыра білуге баулу.
**Ойын шарты:** Балаға төрт заттың суреті көрсетіледі. Ол үш заттың ұқсастығын тауып, топқа жатпайтын «артық» затты атап, себебін түсіндіруі қажет.

**«Өз күлкіңмен бөліс» (Психологиялық ойын)**
**Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алуды, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйрету.
**Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне күлімсіреп қарайды. Олар жылы сөздер айтып, жақсы көңіл-күйлерімен бөліседі.

**4 апта**
**«Түстерді ажырат»**
**Міндеті:** Балалардың түстер туралы білімін бекіту, киімдердің түстерін дәл тауып, атай білу дағдысын қалыптастыру.
**Ойын шарты:** Тәрбиеші әртүрлі түсті киімдердің суреттерін немесе қуыршақ киімдерін көрсетеді. Балалар берілген түске сәйкес затты тауып, оның түсін қазақша дұрыс атауы тиіс.

**«Ойлан, тап, ата!»**
**Міндеті:** Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін (қозғалтқыш, кузов, кабина, дөңгелек) және кабина ішіндегі құрылғыларды (руль, орындық) атай білуге үйрету.

**Ойын шарты:** Балаларға көліктің суреті немесе моделі көрсетіледі. Бастаушы машинаның бір бөлігін көрсетеді, ал балалар оның атын және не үшін қажет екенін айтады.

**«Жауабын айт» (Сөздік ойын)**
**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттардың атауларымен және олардың сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту.
**Ойын шарты:** Тәрбиеші бір затты атайды (мысалы, «үстел»), ал бала оның қасиетін айтуы керек («ағаштан жасалған», «төртбұрышты»). Немесе керісінше, қасиетіне қарай затты табады.

**Саусақ жаттығулары:**

**«Сөздер»**
1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)

Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)
Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды)
Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мұйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)
Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды)
Қарбыз-жолақты сөз екен

**«Үкі»**
Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))
Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»))
Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))
Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))
Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)
Қараңғыға қанат қақты

**Музыкалық ойындар:**

**«Көңілді паровоз»**
**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.
**Ойын ережесі:**
1. Тәрбиеші «паровоздың» әртүрлі дыбыстарын немесе әуендерін ойнатады (көңілді, мұңды, жылдам, баяу).
2. Балалар музыканың сипатына қарай қимыл жасауы керек: көңілді музыкада билейді, мұңды музыкада жай жүреді.
3. Музыка тоқтағанда, балалар естіген әуенге сәйкес келетін эмоцияны (күліп немесе мұңайып) бет-әлпетімен көрсетуі тиіс.

**«Музыкадағы үш кит»**
**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын ажырата білуге үйрету.
**Ойын ережесі:**
1. Балаларға музыканың үш негізгі түрі (марш, би, ән) «үш кит» ретінде түсіндіріледі.
2. Тәрбиеші музыка ойнатқанда, балалар оның қай түріне жататынын табуы керек.
3. Марш ойнаса — саппен жүреді, би ойнаса — билейді, ән ойнаса — қолдарын тербелтіп тыңдайды.

**«Көңілді – мұңды»**
**Міндеті:** Балаларды шығармалардың көңіл-күйін және динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.

**Ойын ережесі:**
1. Балаларға екі түрлі карточка беріледі: бірінде күлімсіреген күн, екіншісінде мұңды бұлт бейнеленген.
2. Тәрбиеші әуенді ойнатады.
3. Балалар әуеннің сипатына қарай тиісті карточканы жоғары көтеруі керек.

**«Үнінен таны»**
**Міндеті:** Балаларды музыкалық аспаптарда қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету.
**Ойын ережесі:**
1. Балалардың артына бірнеше музыкалық аспап (қоңырау, барабан, домбыра) қойылады.
2. Тәрбиеші немесе бір бала аспаптардың бірін ойнатады.
3. Қалған балалар көздерін жұмып тұрып, дыбысынан аспаптың атын табуы керек. Тапқан бала сол аспапта қысқа әуен ойнап береді.

**«Музыкалық сағат»**
**Міндеті:** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, көңіл-күйін ажырата білуге үйрету.
**Ойын ережесі:**
1. Ортада үлкен «сағат» тұрады, оның тілі әртүрлі музыкалық жанрларға немесе көңіл-күйлерге нұсқайды.
2. Бала сағат тілін айналдырады, қай тұсқа тоқтаса, сол жердегі тапсырманы орындайды (мысалы: «көңілді ән айту» немесе
3. «маршпен жүру»).

**«Шатастырушы» (Серуен кезінде)**
**Міндеті:** Ағаш бұталарының тұқымын салыстыруға үйрету, қандай бұтадан алынғанын айыра білу.
**Ойын ережесі:**
Тәрбиеші жерге әртүрлі ағаштардың (тал, қайың, шетен) жапырақтары мен тұқымдарын араластырып қояды.
Балаларға «шатасқан» заттарды өз орнына қою тапсырылады.
Әр бала жапырақты алып, оның қай ағашқа тиесілі екенін тауып, жанына сәйкес тұқымын қоюы керек.

**«Өсімдік бөлімдерін ата»**
**Міндеті:** Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету (сабақ, жапырақ, түбір, гүлі, жемісі).
**Ойын ережесі:**
Балаларға өсімдіктің суреті немесе тірі үлгісі көрсетіледі.Тәрбиеші өсімдіктің бір бөлігін көрсетеді (мысалы, тамырын).
Балалар мүдірмей оның атын атап, атқаратын қызметін («су ішеді», «күнге қарап өседі») айтуы тиіс.
**«Ойлан, тап, ата!»**
**Міндеті:** Машинаның негізгі бөлшектерін (двигатель, кузов, кабина, дөңгелек) және кабина құрылғыларын атай білуге оқыту.
**Ойын ережесі:**
Үстел үстінде көліктердің бөлшектері шашылып жатады.
Тәрбиеші бір бөлшекті атайды (мысалы: «кузов»).

Бала сол бөлшекті тауып алып, оның не үшін қажет екенін (мысалы: «жүк тасу үшін») түсіндіреді.

**«Түстерді ажырат»**
**Міндеті:** Киімдерді табу және нақты түстерін ажырату дағдысын қалыптастыру.
**Ойын ережесі:**
Тәрбиеші бір түсті атайды (мысалы: «қызыл»).
Балалар айналасынан немесе үстіндегі киімдерінен сол түсті тауып, қолымен көрсетуі керек.
Кім бірінші тапса, сол келесі түсті атайды.
.
**Тәжірибелер:**

**1.Жығылмайтын момын — Ванька**
**Тіл алғыш және тілазар жұмыртқа**
Алдымен шикі бүтін жұмыртқаны доғал немесе өткір жағымен қоюға тырысыңыз. Содан соң тәжірибеге кірісіңіз. Жұмыртқаның басында сіріңкенің шиінің басы сияқты тесік тесіп ішіндегін үрлеңіз. Ішін жақсылап жуыңыз. Жұмыртқаның қабығының ішін бір-екі күн жақсылап кептіріңіз. Содан соң тесікті гипспен жақсылап тұрып жабыстырып желім бор немесе ақ сырламен жақсылап тесік білінбейтіндей бояңыз. Қабыққа бір ширекпен таза және құрғақ құм себіңіз. Осылайша екінші тесікті де жабыстырыңыз. Тіл алғыш жұмыртқа дайын. Енді жұмыртқаны бізге керекті жағдайға қою үшін жұмыртқаны жай ғана сол қоятын жаққа қарай сілку керек. Сонда ішіндегі құм онын тепе-теңдікті сақтай отырып жұмыртқа сол жағдайда тұрады. Ал Ванька-встаньканы (неваляшканы) жасау үшін құмның орнына жұмыртқаға май шамның стеаринын ұсақтап 30-40дана салу керек. Стеарин ериди, ал қатқан соң ұсақтар жасап оларды қабыққа жабыстыру керек. Енді тесіктерді білдіртпей жабыңыз.
Неваляшканы орнату мүмкін емес. Тіл алғыш жұмыртқа үстелдің үстінде де және стақанның шетінде және пышақтың басында да тұрады.

**2.Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?**
90̊ астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. Өзіңіздің балаңыздан сұраңыз бір алманы кеспей 3,5,7 алма жасайға болады ма деп сұрасаңыз. Ол сізге не деп жауап береді? Ал қазір жоғарыдағы тәжірибені қойыңыз.

**3.Тіземдегі шөптің жасыл ізін қалай тазалауға болады?**
Кез келген жасыл өсімдіктің жас жапырағын алыңыз, оны міндетті түрде стақанға салыңыз және кішкене арақ құйыңыз. Стақанды ыстық су бар кәстүрелге салыңыз (су буы моншасынды) бірақ ең түбіне кез-келген ағашты дөңгелекті кәстүрелдің түбіне салыңыз. Кәстүрелдегі су суыған кезде стақаннан қыстырғышпен жапырақтарды алып шығыңыз. Олар түстерін жоғалтады, ал арақ гауһардай жасыл болады, себебі жапырақтардан өсімдіктің жасыл бояуы хлорофил бөлінеді. Ол өсімдіктерге күн энергиясымен қоректенуге көмектеседі. Бұл тәжірибе өмірде

пайдалы. Мысалы, егер балаңыз байқаусыздан тізесін немесе қолын шөппен былғап алса, онда оны одекалонмен немесе алкоголді спиртпен кетіруге болады.

**4. Электр зарядтары туралы тұжырымдама**
Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға уқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз; шкафқа, қабырғаға ал енді ең бастысы – балаға.
Бұл заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндіреді. Әр түрлі материалдардың байланысы нәтижесінде электр зарядтары бөлінеді.

**5. Билейтін фольга**
Алюминді фольганы (шоколадтың немесе кәмпиттің жылтыр қабығын) өте ұзын және тар жолақтар қиыңыз. Тарақ сияқты шаш арқылы өткізіп, содан соң оны сегменттерге жақын әкеліңіз. Осы кезде жолақтар «билей» бастайды. Бұл дегеніміз олар бір-біріне оң және теріс электр зарядтарын таратады.

**6. Ауа шарын оған зиянын тигізіп алмай қалай жаруға болады?**
Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз.

**7. Жүзімнен жасалған су асты қайығы**
Стақанға жаңа газдалған су немесе лимонды құйып оған жүзімді салыңыз. Ол судан кішкене ауырлау болғандықтан ол стақанның түбіне түседі. Бірақ оған осы сәттен бастап газдың кішкентай көпіршіктері отыра бастайды. Ары қарай олар көп бола бастағандықтан жүзім қалқи бастайды. Бірақ жоғарыдағы көпіршіктер жарылады және газ ұшып кетеді. Ауырлаған жүзім егісіні тағы да стақан түбіне түсе бастайды. Осында олар тағы да газды көпіршіктермен жабылады және тағы да қалқиды. Су «уытсызданбайынша» осылай бірнеше рет қайталана береді. Бұл қағида бойынша нағыз қайық жоғарыда көтеріліп қалқиды. Ал балықтарда жүзу көпіргіштері бар. Оған бату үшін бұлшықеттері қымқырылып алады, осылайша көпіршік пайда болады. Оның көлемі азайғандықтан балық су астын түседі. Ал көтерілу үшін балық бұлшықеттерін босатады сонда көпіргіштер тарай бастайды ол үлкейеді және балық судың үстене қарай қалқиды.

**Ұлттық ойындар:**

**«Жүзік жасырмақ»**
**Міндеті:** Балалардың байқағыштығын, тапқырлығын және зейінін дамыту.
**Барысы:** Балалар жарты шеңбер құрып, алақандарын біріктіріп отырады. Бастаушы жүзікті (немесе кішкентай затты) алақанына салып, әр баланың алақанына салған болып шығады. Бір балаға сездірмей тастап кетеді де: «Жүзігімді тап!» – дейді. Іздеуші бала жүзіктің кімде екенін табуы керек. Тапса, жүзік иесімен орын ауыстырады.

**«Әткеншек»**

**Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысу, бастамашылдық таныту және ойын ережелерін сақтау.
**Ойын ережесі:** 1. Бұл ойын көбіне жұппен ойналады. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қолтықтасып тұрады. 2. Балалар кезектесіп бір-бірін арқасына көтеріп (еңкейіп), «әткеншек» сияқты тербеледі. 3. Балабақшада бұл ойын жеңілдетілген түрде: балалар шеңбер бойымен музыка ырғағымен тербеліп, бір-біріне ептілік танытып қозғалу арқылы ойнатылады.

**«Айгөлек»**
**Міндеті:** Балаларды ұйымшылдыққа, батылдыққа баулу, ереже сақтауды үйрету.
**Барысы:** Балалар тең екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек. Темір шынжыр үзетін, бізден сізге кім керек?» – деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың ұстасып тұрған қолын үзіп өтуі керек. Үзіп өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

**«Бестемше» ойыны**
**Міндеті:** Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйрету.
**Ойын құралдары:** Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).
**Ойын ережесі мен барысы:**

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.
    - *Маңызды ереже:* Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).
3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

**Хан талапай**
**Ойынның міндеті:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.
**Ойналу ережесі:** Асықтарды ортаға шашып тастайды. Бастаушы «Хан» асығын (ерекше боялған) тауып, оны басқа асықтармен соғып алуы керек. Балалар «Хан талапай!» деп асықтарды тез жинап алады. Кім көп асық жинаса, сол жеңімпаз атанады.

**Ақ сүйек»**
**Міндеті:** Тез жүгіруге, тапқырлыққа, қараңғыда немесе шөп арасында затты таба білуге баулу.

**Барысы:** Бастаушы «ақ сүйекті» (ақ түсті затты) алысқа лақтырады. Балалар оны іздеуге кіріседі. Кім бірінші тапса, ол басқаларға көрсетпей, белгіленген мәреге (сөреге) жеткізуі тиіс. Басқалары оны қуып жетіп, сүйекті тартып алуға тырысады. Мәреге сүйекті жеткізген бала жеңімпаз атанады.

**«Бәйге»**
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, жүгіру немесе «атқа міну» (таяқшамен) түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
**Ережесі:**
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

**«Аударыспақ» (балаларға арналған нұсқасы)**
**Міндеті:** Балалардың күш-қуатын, төзімділігін және тепе-теңдік сақтау қабілетін арттыру.
**Барысы:** Екі бала ортаға шығады (балабақшада бұл ойын көбіне жерде отырып немесе «ат» болып ойнаған құрдастарының үстінде отырып ойналады). Олар бір-бірінің қолынан ұстап, тартысу арқылы қарсыласын орнынан қозғалтуы немесе белгіленген шеңберден шығаруы керек. Тек қолмен тартуға рұқсат етіледі, итеруге болмайды.

**«Бес асық»**
**І кезең: "Бірлік" (Жинау)**
Бала бес асықты жерге шашады. Ішіндегі біреуін "хан" (бас асық) ретінде қолына алады.
1. "Ханды" жоғары лақтырады.
2. Ол асық қайтып түскенше, жердегі бір асықты алып үлгеруі керек.
3. Осылайша 4 асықты бір-бірлеп жинайды.

**ІІ кезең: "Қос-қостан"**
Бұл кезеңде бала асықтарды екі-екіден жинап үйренеді.
- Жоғары лақтырылған асық жерге түскенше, жерден екі асықты бірге іліп алуы тиіс.

**ІІІ кезең: "Сарт-сұрт" (Асық соғыстыру)**
Бұл баланың ептілігін арттырады:
- Қолындағы асықты жоғары лақтырып, ол қайтып түскенше жердегі асықты қолына алып, лақтырылған асықты қайта қағып алады. Осы кезде асықтар бір-біріне соғылып, "сарт" еткен дыбыс шығуы керек.

**3. Ойын ережесі (Неге болмайды?)**
5-6 жастағы балаларға мынадай қарапайым шектеулер қойылады:
- **"Сыңар" болмасын:** Жердегі асықты алғанда, қасындағы басқа асықтарға қол тиіп кетпеуі керек.
- **Түсіріп алма:** Лақтырылған асықты жерге түсіріп алса, кезек келесі балаға беріледі.

- **Қолды алма:** Асықты алып жатқанда қолды жерден ерте көтеріп кетпеу керек.

**«Тақия тастамақ»**
**Ойын ережесі:**
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады